

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ
8D02301- «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Демесинова Акерке Алтаевнаның
«Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму
бағыттары» тақырыбындағы диссертациясына

ПІКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңызы. Қай халықтың болсын көне тарихынан бастау алатын фэнтези жанрының әлемдік әдебиеттану, мәдениеттану, психология және педагогика ғылымдарында өзіндік зерттеу жолы айқындалып, сүбелі зерттеулер жазылып келе жатқандығы анық. Әлемдік әдеби процестегі бұл жанрдың қарқынды дамуы мен зерттелуі қазақ әдебиетіне де әсер етті. Осыған орай қазақ фэнтезист жазушыларының легі орнығып, фэнтези-роман, фэнтези-повесть, фэнтези-әңгіме, фэнтези-драмалар жазылып, қатары ұлғая бастады. Қазақ фэнтезиінің қалыптасып, кемелденуінің негізгі өзегі – қиял-ғажайып ертегілер, миф шежіресі, скифтер мен сақтардың мифтері, ғұндардың мифологиясы, ежелгі түріктердің мифтері, қазақ мифологиясы, жұлдыздар мен шоқжұлдыздар жайлы мифтер, табиғат құбылыстары жайындағы мифтер, ағаштар жайындағы мифтер, қанатты аттар жөнінде аңыздар, құстар жайындағы мифтер. Тамыры тереңнен бастау алатын фэнтези шығармаларды жазуда қазақ жазушылары әлемдік тәжірибелерге де сүйене отырып, ұлттық дүниетанымызға сыйымды фэнтези туындыларын оқырмандарына ұсынып келеді. Әлемдік әдебиеттану ғылымында фэнтези жанрын зерттеудің жолдары анықталып, түрлі аспектіде зерттелсе де күні бүгінге дейін фэнтезиге әртүрлі анықтама беріліп келеді, сонымен қатар зерттеу еңбектерден фэнтезидің жанрлық белгілері жөнінде де пікір алуандығын байқауға болады. Ал қазақ әдебиеттану ғылымына келетін болсақ, фэнтези жанрына байланысты сүбелі зерттеулердің селкеулігі бар.

Диссертант А.А.Демесинованың қазақ әдебиетінде әлі де кемелдену жолындағы фэнтезиді, соның ішінде балалар фэнтезиін талдау нысанына алуының ғылыми мәні зор, себебі жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастырып, жетілдіруде, ұлттық рухын шыңдауда қазақ фэнтезиінің алар орны мол.

Докторанттың негізге алған басты ғылыми және әдіснамалық ережелері. Зерттеу жұмысында фэнтезидің шығу тегіне, зерттелу барысына шолу жасай келе, ертегі, миф, фантастикамен сабақтастығын және айрымашылығын отандық, әсіресе, шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып дәлелдеген. Қазақ және түркі фэнтезиінің түп төркіні жөнінде сөз еткенде әдебиеттанушы ғалымдар: А.Байтұрсынов, С.Қасқабасов, С.Қондыбай, Ш.Ыбыраев, Р.Әлмұқанова, С.Итеғұлова, түрік фольклорын зерттеуші ғалымдар: Л.М.Фахриева, Л.Х. Давлетшиналардың зерттеулеріне

сүйенсе, фэнтезидің жанрлық ерекшеліктері, ертегі, миф, фантастикамен сабақтастығын және айырмашылығын айқындауда, фэнтезидің мифологиялық негізі және неомифологизм ықпалы жайында Ю.М. Лотман, В.Я. Пропп, А.Н. Веселовский, О.М. Фрейденберг, А.Ф. Лосев, А.Ф. Косарев, К.Г. Юнг, Е.М. Мелетинский, А.М. Новиков, В.Н. Минеев, В.М. Жирмунский, В.Н. Топоров, Я.В. Солдаткина еңбектерін басшылыққа алған. Зерттеуші А.Демесинова әлемдік, отандық әдебиеттану ғылымындағы көзқарастарды, қарама-қайшы пікірлерді саралап, салыстыра келе, фэнтези – фольклорлық шығармалардан бастау алып, өз алдына көркемдік дамуы айқындала түскен динамикалық, синкретті жанр деген өзіндік ойтұжырымын ұсынады.

Докторанттың қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен олардың дәйектілігі.

Диссертант зерттеу барысында фэнтезиге тән бірнеше белгілерді анықтайды, соының бірқатарын атап өтсек: фэнтези іс-әрекет орын алып отырған әлемді ғылыми тұрғыдан түсіндірмейді, фэнтезиде оқиға өтетін әлем не параллельді әлемде, не басқа ғаламшарда орын алады, магияны өзіне серік етеді, мифке бет бұрады, фэнтези жанрында қиял шексіз, оқиғалар үш шақта баяндалады.

Диссертацияда фэнтези шығармаларының жанрлық белгілеріне қарай жүйелейді: эпикалық фэнтези, қаһармандық және батырлық фэнтези, діни фэнтези, шытырман оқиғалы фэнтези, ертегілік фэнтези, стимпанк-фэнтези, әзіл-сықақ фэнтезиі, әйелдер фэнтезиі, психологиялық фэнтези, «қара» фэнтези, реалистік немесе альтернативті фэнтези, поэзиялық фэнтези; фэнтези шығармаларындағы оқиғалар өрбитін орнына байланысты ғарыштық фэнтези, әлем фэнтезиі картадағы мемлекет немесе қала фэнтезиі, «жер асты» фэнтезиі, «мұхит, теңіз, су асты» фэнтезиі; фэнтези шығармаларының оқырмандардың жас мөлшеріне қарай: балалар фэнтезиі, жеткіншектер фэнтезиі, ересектер фэнтезиі. Және қазақ әдебиетінде ең көп жазылып келе жатқан фэнтези түрлерін анықтап, әдеби талдау жасайды. Жалпы фэнтезидің мұндай жіктелісін жасауы еңбектің жаңалығын таныта түседі. Бұл жіктеліс қазақ әдебиеттану ғылымында әлі талай зерттеу жұмысына өзек болатын мәселелер.

Зерттеу жұмысында «Ер Төстік», «Кер құла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қыран қарауылшы» қиял-ғажайып ертегілеріндегі және түрлі мифтердегі сюжеттер мен кейіпкерлердің көрінісін З. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхаты» роман-фэнтезиі, А. Сырмановтың «Сарман алты таңба кітабы» фэнтези-романы, Р. Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтези-романы, Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш ерлігі», «Ерден батыр», «Гүл ағашы» повестері, З. Наурызбай және Л.Калаустың «Бату және оның достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты», «Бату мен достарының жұлдыздар елі айдалаға саяхаты» фэнтези-повестері, К. Оразбекұлының «Тұран баһадүрлері немесе Ер, Би, Нардың ерлік жорықтары» фэнтези-повесі, А. Түлембаеваның

«Дамока және оның достары» фэнтези-хикаяты, Н. Мұратәлиевтің «Жасыл көлдің құпия тұрғындары» фэнтези-хикаяты, А. Курманаеваның «Наушаһар хикаялары» фэнтези-повесі, Б. Ыбырайымның «Аспандағы саяхат» фэнтези-хикаяты, З. Төреханованың «Күйекөбелектер шаһары» фэнтези-әңгімесі, Н. Нұржанұлының «Кітап патшалығы» фэнтези-әңгімесі, Б. Болатханованың «Мейірімді жанарлар әлемінде» фэнтези-әңгімесі, Р. Ақпардың «Ақшақар арманы» фэнтези-әңгімелері арқылы анықтаған. Жоғарыда аталған шығармалардағы фэнтезиге тән сюжет, кейіпкер, неомифологиялық образ мәселелерін жүйелі зерттеген.

Докторант Т. Рымжанов, З. Төреханова, А. Сырманов, Р. Сауытбай, З. Наурызбай және Л.Калаус, К.Оразбекұлы, А.Түлембаевалар шығармаларындағы тератологиялық кейіпкерлердің түрленісін, авторлардың сол арқылы неомифтік кейіпкер жасауын тұңғыш рет сөз етеді. Сонымен қоса қазақ фэнтезиін әлемдік фэнтезилермен де салыстырып, салғастыра талдау жасаған.

Диссертацияда балалар фэнтезилеріндегі кейіпкерлер әлеміне, соның ішінде бала әлеміне концептуалдық талдау жасалып, ұлттық дүниетанымның суреттелуі, ұлттық құндылықтардың көрінісі алғаш рет зерттеліп отыр. Бұл да жұмыста қол жеткізген нәтиже деп санаймын.

Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертацияның жоспарына сәйкес әр тарауы және тараушаларына қойылатын мақсат-міндеттер кезең-кезеңімен шешілген. Диссертацияда фэнтези жанры түрлі теориялық аспектіде зерттелген. Әр тарауда тұжырымдар толық жасалған, қорытынды ой-пікірлер ұсынылған.

Зерттеуге докторанттың қосқан жеке үлесі. Докторант ҚР ҒЖБМ ұсынған журналдарда 5 ғылыми мақала, шетелдік журналда 1 ғылыми мақала, халықаралық конференция жинақтарында 4 ғылыми мақала жарық көрген.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі ізденімпаздығы. Докторант отандық және шетелдік ғылыми зерттеу еңбектердегі ой-тұжырымдар, пікірлерді саралап, қазақ және әлемдік фэнтези шығармаларды оқып, салыстыру, салғастыру, кешенді әдеби талдау тәрізді ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдерін орынды қолдана білген.

Диссертация бойынша пікіріміздің қорытындысы. Демесинова Акерке Алтаевна зерттеген «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбындағы жұмысы философия докторы дәрежесін алуға қойылатын талаптарға жауап береді. Сондықтан ашық қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

**Филология ғылымының кандидаты
қауымдастырылған профессор**



Г.Кажигаева

